



## БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қ.

17 қаңтар 2019 жыл

### **KASE 25 жылдық мерейтойына орай биржаның және қазақстандық қаржы нарығының қалыптасу тарихына арналған кітап шығарды**

Қазақстан қор биржасы (бұдан әрі – KASE немесе Биржа) KASE және қазақстандық қаржы нарықтың қалыптасу тарихына арналған кітап шығарды. Кітап үш тілде шықты: қазақ тілінде – "Болашақ құрылу тарихы", орыс тілінде – "Как создавалось будущее" және ағылшын тілінде – "Building the Future".

Кітап 2018 жылдың қараша айында болып өткен KASE 25-жылдығына орай жарық көрді.

Кітапта қазақстандық қор нарығының және Биржаның, 1993 жылдан бастап – KASE құрылған жылдан бастап тарихы суреттелген. Оны әзірлегенде KASE мұрағаттық материалдары, ашық ақпарат көздері, сондай-ақ 50-ден астам қаржы нарығының кәсіпқойларының естеліктері қолданылды. Олардың ішінде – Гульжана Карагусова, Ораз Жандосов, Анвар Сайденов, Данияр Акишев, Болат Жамишев, Жанат Курманов, Елена Бахмутова, Умут Шаяхметова, Владислав Ли, Шолпан Айнабаева, Тимур Турлов.

Осы жобаға Алексей Куприн – ТМД елдері биржаларының халықаралық ассоциациясының атқарушы директоры, KASE бұрынғы жетекшілері және AFINEX – Азат Нүкішев, Дамир Қарасаев, Азамат Жолдасбеков, Бақытжан Қоңқашев, Қадыржан Дамитов, Есжан Біртанов, Биржаның қызметкерлері қатысты.

Кітапта қор нарығы мен Биржаның құрылуы мен дамуының тарихи контексті көрініс тауып, Қазақстанның қаржы секторы үшін маңызды уақиғалардың атомосферасы берілген.

Биржаның "Тұлғалы тарих" атты онлайн-жобасы шегінде – KASE сайтында осы кітапты жазу жұмысында ішінара қолданылған, мартиалдар жарияланып, солардың арқасында қызықты уақиғалар туралы мейлінше объективті жазуға мүмкіндік берді.

Кітапта, қазақстандық қаржы жүйесінің іргетасы қаланған, 1993 жылдан бері бастау алған уақиғалар мазмұндалған. Дәл осы кезде – 90-шы жылдары және 2000 жылдардың басында, нарықтық инфрақұрылымның қалыптасуы кезінде, жас қазақстандық экономист-энтузиасттардың батыл талпынысы арқасында ең үздік әлімдік тәжірибені қолдану бойынша шешімдер қабылданды.

Көргендердің айтуы бойынша, сол кезде еліміздің тарихында алғашқы рет көптеген жағдайлар жүзеге асырылды: жаңа қаржы құралдарының сауда-саттықтарын іске қосу, жаңа түсініктер мен терминдерді, жаңа ойын ережелеріне үйрене бастау басқаларды үйрету, жаңа сауда-саттық алаңдарын ашу, бағдарламалық қамтуды және құқықтық базаны әзірлеу. Осының барлығы жас тәуелсіз Қазақстанның жаһанжық қаржы нарығымен бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырумен тұспа-тұс келді.

"Бұл кітаптың ерекшелігі – айқын тарихи бағытталғандығы. Кітапта биржаның дамуының ең маңызды кезеңдері, еліміз бен әлем экономикасында болып жатқан жағдайлар контекстінде сипатталған, қор нарығына қатысушылардың түсініктемелері, нарықтың талдауы берілген. KASE құрылған сәттен бастап 25 жыл өтті, осы уақытта қазақстандық қор нарықта көптеген өзгерістер орын алды. Нарықтың өзі осы уақытта айтарлықтай кеңейді, саудаланатын қаржы құралдарының саны бойынша да, нарыққа рұқсаттама алу шарттары бойынша да. Іліміздің экономикасы да өзгерді. Кітапта осы уақытқа дейін орын алған уақиғаларының хронологиясын қалпына келтіруге көмектесетін, көптеген нақты мысалдар келтірілген", – деді өз сөзінде Алина Алдамберген, KASE Басқармасының Төрайымы.

Ширақ ғасырда KASE валюталық биржадан әмбебап қаржылық биржасына дейінгі жолды еңсеріп өтті, бүгінгі таңда сауда-саттықтың көлемі бойынша ТМД елдері арасында екінші орында. Осы кезде Биржада 800-ден астам қаржы құралдары, соның ішінде 129 атаудағы акциялар мен 262 облигациялар шығарылымдары, саудаланды. 2018 жылдағы KASE барлық қаржы құралдарының жылдықсауда-саттығының көлемі 127,8 трлн теңгеден асты.

Кітаптың тиражы – 1 000 данадан астам. Кітап оқырмандардың кең ауқымына арналған: қаржы нарығының кәсіпқойлары мен экономикалық ЖОО оқытушыларынан бастап – Қазақстанның қаржылық жүйесінің тарихына қызығушылығы бар, студенттерге дейін, жаңа бастап жатқан инвесторларға дейін.

Кітап мәтінін құрастыруға белсенді атсалысқан, дизайны мен полиграфиясын жасаған, "КАЗАХСТАНИКА" Ұлттық брендингілік агенттігі.

Кітапты шығаруға "Фридом Финанс" АҚ, "BCC Invest" АҚ ("Банк ЦентрКредит" АҚ еншілес ұйымы) және "Sky Bridge Invest" АҚ инвестициялық компаниялары қолдау көрсетті.

#### **Анықтама үшін**

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия аймағындағы жетекші қор биржасы. Бұл – репо нарығының құралдары, шетел валюталары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, сондай-ақ туынды қаржы құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы болып табылады.

KASE Биржа федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалар федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби қауымдастықтарының мүшесі болып табылады. 2015 жылы биржа БҰҰ-ның "Қор биржасы тұрақты даму үшін" бастамасына қосылды. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМДң қор биржаларының арасында екінші орын, ал FEAS қор биржаларының арасында нарықтық капиталдандыру деңгейінде алтыншы орын алады.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, [pr@kase.kz](mailto:pr@kase.kz)